



„Неміс тілінде тамақ дайындаймыз“ Бейнебаян байқауын жариялау

Сенде сен ең жақсы көретін тамақтың не сусынның рецепті бар ма? Онда біздің бейнебайқауға қатысып, оны қалай дайындайтыныңды көрсет! Өз ас үйіңнің сиқырымен бөлісіп, өзгелерді кулинарлық идеяларыңмен шабыттандыр!

Өзіңнің рецепт туралы әңгімеңді (үш минуттай) **неміс тілінде (қазақ/қырғыз немесе орыс тіліндегі субтитрмен) бейнебаянға түсіріп жібер.**

Өтінеміз, интернеттен алынған видео/суреттерді және жасанды интеллекті қолданбаңыз

Қазақстандағы Гёте-Институттың неміс тілінен онлайн курсы мен смарт-сағат ұтып ал. 2- орын алған қатысушылар сыйға сымсыз құлаққап, ал 3- орынға ие болғандар ақылды колонканы сыйға алады.

Кімдер қатыса алады?

Біз Қазақстан, Қырғызстан және Түрікменстанның барлық мектеп оқушылары мен студенттерінің қатысуына қуаныштымыз.

Сен неміс тілін меңгерген болсаң да, немесе оны жаңадан үйреніп жүрсең де — байқауға қатыса аласың.

Бізге өз бейнебаяныңды (кез келген файлоалмасу қызметі арқылы) **22.04.2026** дейін bkd-almaty@goethe.de электронды поштасына жібер немесе өз әлеуметтік желіңе жарияла.

Әлеуметтік желідегі видео жазбасында мына хэштегтерді қолдануыңды сұраймыз:

#GIKasachstan #Deutschlernen #kochenaufdeutsch

және міндетті түрде өз жазбаңның сілтемесін bkd-almaty@goethe.de поштасына жолда. Сенің Instagram немесе TikTok профилің ашық болуы тиіс.

Ең креативті 3 бейнеролик (1-, 2- және 3-орын) Қазақстандағы Гёте-Институттың қазылар алқасынан сыйлықтар алады **және байқау нәтижелерін онлайн форматта жариялау барысында көрсетлетін болады (күні кейінірек хабарланады).**

Осы байқауға қатысу арқылы сен жіберген бейнебаяндарды Қазақстандағы Гёте-Институттың парақшасында және әлеуметтік желілерінде жариялауға автоматты түрде келісім бересің. Бұл келісімнен кез келген уақытта бас тарта аласың, ол үшін мына электронды адреске: anna.melnik@goethe.de қысқаша хабар беру керек.

Біз бейнебаян түсіру мен қатысуыңа табыс пен сәттілік тілейміз!

Қазақстандағы Гёте-Институт

Наурызбай батыр к-сі 31

05000 Алматы, Алмалы ауданы,

Қазақстан Республикасы

e-mail: bkd-almaty@goethe.de

www.goethe.de/kaz

**GOETHE
INSTITUT**

Sprache. Kultur. Deutschland.